

**ҚазГӨЗ» ЖШС «Компрессорлық қондырғыларының құрылысы»  
жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есебі бойынша  
қоғамдық тыңдаулар хаттамасы**

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы: **«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ**

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы: **«ҚазГӨЗ» ЖШС «Компрессорлық қондырғыларының құрылысы» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есебі**

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы: **Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі «Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы» ШЖҚ РМК.**

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері: **ҚР Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ-сы, өндірістік аймақ, 43°22'04.0"С.е. 52°47'33.3"Ш.б.**

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік- аумақтық бірліктердің атауы: **ҚР Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қ-сы,**

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

**«ҚазГӨЗ» ЖШС, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, өндірістік аймақ, 061040003532, тел: 8 (7293) 464772, 8(7293) 464689, эл.пошта: s.iskakov@kazgpz.kz, AXO@kazgpz.kz,**

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері: **Жобалаушы «Рекорд Консалт» ЖШС мекенжайы: Ақтөбе қаласы, Маресьев көшесі, 38 кеңсе, 2 қабат, ЖСН: 100740003476, Тел.:87009535914, электрондық поштасы: too record konsalt@mail.ru.**

**Зейнеләбді Бақытжан мекен-жайы: Ақтау қаласы, 17 шағын аудан, 6 үй, 423 пәтер, ЖСН: 921119300864, Тел.:87016644434, электрондық поштасы: zeinelabdi@inbox.ru.**

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт): **Жаңаөзен қаласы, өндірістік аймақ, «ҚазГӨЗ» ЖШС әкімшілік ғимараты, мәжіліс залы, онлайн форматта ZOOM платформасында бейнеконференция форматында келесі сілтеме бойынша**  
**<https://zoom.us/j/94197258383?pwd=Yzd5WUlmMIRUZFNQWVJ2eUNUWGZlZz09>**

**Конференция идентификаторы: 941 9725 8383**

**Кіру коды: 1P6NKj**

**2022 жылғы 30 наурыз сағат 15:00,**

9. Көзделіп отырған қызметтің бастамашысы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **(1 қосымша 3 бетте)**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **(2 қосымша 2 бетте)**

11. Қоғамдық тыңдаулардың өткізілетіндігі туралы ақпарат мемлекеттік және орыс тілдерінде мынадай тәсілдермен таратылды:

1) Бірыңғай экологиялық порталда: **Тіркеу №: 21562947002, жариялаған күні: 22/02/2022 <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings/PublicHearingDetail?hearingId=4707>**

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында: **«Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, жариялаған күні: 22/02/2022, сілтемесі: <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco/documents/details/274705?lang=kk>**

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

**- мемлекеттік тілде: Маңғыстау газеті 17.02.2022 жыл № 16 (10092) шығарылым**

**- орыс тілінде: Огни Мангистау газеті 17.02.2022 жыл №№ 14-15 (12823-12824) шығарылым**

**- мемлекеттік және орыс тілінде «MANGYSTAU» каналында 15.02.2022 жыл шығу саны 20-25 рет. Хабарландыру көшірмелері жалғанды.**

4) **130200, Жанаозен қаласы, Мұнайлы шағын ауданы, Сатпаев көшесі, 1 ғимарат Жанаөзен қалалық акиматы мекенжайы бойынша 1 (бір) дана хабарландыру әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) жергілікті атқарушы органдарының хабарландыру тақталарында және хабарландыруларды орналастыру үшін арнайы тағайындалған орындарда. Фотоматериалдар осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (қосымша №3, 7-бетте).**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

Қатысушылар – 46 адам, оның ішінде:

**Жанаөзен қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі бас маманы – Совет Н.М.**

**Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының орынбасары – Әділбаев Е.**

**Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті бас маманы – Тулепова Р.**

**Қатысушылардың толық тізімі 2 қосымшада 2 бетте жалғанды. (Офлайн 26 адам, онлайн 1 адам)**

Хатшылыққа Сметалық жобалу бөлімі бастығының орынбасары Р. Асқанбаеваның кандидатурасы ұсынылды

Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың дауысы

«қолдаймын» – 26 адам

«қарсымын» – жоқ

«қалыс қаламын» – жоқ

Ашық жиналыстар арқылы қоғамдық тыңдаулар өткізу регламенті бекіту үшін ұсынылды (Қосымша №5 1 бетте)

«қолдаймын» – 26 адам

«қарсымын» – жоқ

«қалыс қаламын» – жоқ

Қоғамдық Тыңдаулар өткізілді деп тану туралы дауыс беру:

«қолдаймын» – 26 адам

«қарсымын» – жоқ

«қалыс қаламын» – жоқ

13 Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

Қоғамдық тыңдауды Тыңдалым төрағасы – Жаңаөзен қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі бас маманы – Совет Н.М. ашып берді.

Баяндамашылардың сөз сөйлеуі:

«ҚазГӨЗ» ЖШС директорының орынбасары Байшуақов Б.А. (Презентация №1). Слайд 9 бетте

Зейнеләбді Б. «Қолданыстағы компрессорлық цех аумағында қолданыстағы компрессорлық қондырғыларды жаңғырту» жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерлер туралы есебі қоршаған ортаға тигізетін әсерлері және оны шешу жолдары (Презентация №2 ) слайд 10 бетте

Қоғамдық тыңдауларға шығарылып отырған құжаттар бойынша баяндамалардың мәтіні осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі (қосымша №4 19 бетте)

14. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасының ажырамас бөлігі болып табылатын және қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен барлық ескертулер мен ұсыныстарды қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

**Қоғамдық тыңдаулар өткізілгенге дейін және өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстардың жиынтық кестесі**

т/а №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескертпе (алынып тасталған ескерту немесе ұсыныс)

ҚР ЭГТРМ Экологиялық реттеу және бықылау комитеті жасаған жиынтық кестеге сәйкес Мүдделі мемлекеттік органдардың ескертулері мен ұсыныстарын Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының орынбасары – Әділбаев Е. таныстырды

1	Әкімдік:	Ұсынылмаған	
2	<p>Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы</p> <p>1. Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № № 400-VI ҚРЗ Экологиялық Кодексінің және қолданыстағы заңнама талаптары сақталсын;</p> <p>2. Жергілікті елді-мекенге дейінгі арақашықтық «Өндірістік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймағын белгілеу бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы 2015 жылғы 20 наурыздағы № 237 бұйрығының талаптары сақтала отырып, орналасуы қажет;</p> <p>3. «Қоғамдық тыңдаулар өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 26 қазандағы № 425 бұйрығының талаптары сақталсын; Соньмен қатар, мүдделі жұртшылықтан аталған өтініштер бойынша ескертулер мен ұсыныстар Басқармаға келіп түспегендігін қаперіңізге береді.</p>	<p>1. Бқтимал әсерлер туралы есепті әзірлеу кезінде Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 2 қаңтардағы № 400-VI ЗРК Экологиялық кодексінің және қолданыстағы заңнаманың талаптары сақталды.</p> <p>2. Адамның өмір суру ортасы мен денсаулығына әсер ету объектілері болып табылатын объектілердің санитариялық-қорғау аймақтарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2022 жылғы 11 қаңтардағы N ҚР ДСМ-2 бұйрығының талаптарына сәйкес жергілікті елді мекенге дейінгі арақашықтық сақталған. ең жақын елді мекен 2,8 км қашықтықта орналасқан Жаңаөзен қаласы).</p> <p>3. Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының талаптары орындалды.</p>	Ескерілді
3	<p>Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті:</p> <p>"Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу" ТЭН-не көзделіп отырған қызмет туралы өтінішті келісу құзыретіне кірмейді.</p>	<p>Ұсынылмаған</p>	
4	<p>Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің өнеркәсіптік қауіпсіздік комитеті:</p> <p>сұйытылған мұнай газын, тауарлық (кұрғақ) газды және петангексан фракцияларын өндірумен байланысты "Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу" ТЭН-не көзделіп отырған қызмет туралы</p>	<p>Ұсынылмаған</p>	

	өтінішті Комитетпен келісу талап етілмейді.		
5	Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті:	Ұсынылмаған	
6	Жер қатынастары басқармасы:	Ұсынылмаған	
7	<p>Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстары министрлігінің Су ресурстары комитеті:</p> <p>1. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 125 және 126-баптарының талаптарына сәйкес тиісті облыстардың әкімдіктері белгілеген кәсіпорындар мен басқа да құрылыстар орналастырылған, су объектілерінде, су қорғау аймақтары мен белдеулерінде құрылыс және басқа да жұмыстар жүргізілген жағдайда, белгіленіп отырған қызметтің бастамашысы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті келісімдер, оның ішінде бассейндік инспекциямен келісу болған кезде іске асырылуға тиіс;</p> <p>2. Су объектілерінде орнатылған су қорғау аймақтары мен белдеулері болмаған жағдайда, су қорғау аймақтары мен белдеулері белгіленгеннен кейін және осы хаттың 1-тармағында баяндалғанды ескере отырып, көзделіп отырған қызметті іске асыру туралы тиісті шешім қабылдау;</p> <p>3. Қазақстан Республикасы Су кодексінің 66-бабының талаптарына сәйкес арнайы су пайдалануға рұқсаты болған кезде судағы көзделіп отырған қызметті қанағаттандыру үшін тікелей су объектісінен алып қойыла отырып немесе алып қоймай, жер үсті және (немесе) жер асты су ресурстарын пайдалануды бастамашы жүзеге асырсын.</p>	<p>1. Ең жақын су айдыны – Каспий теңізі, ЖГӨЗ алаңынан 60,0 км қашықтықта орналасқан, жобаланған нысандар су қорғау аймағынан тыс орналасқан. Су қорғау аймақтары мен жолақтары жоқ</p> <p>3. Арнайы су пайдалану қарастырылмаған. Жер үсті және жер асты суларын пайдалану қамтамасыз етілмеген. Арнайы суды пайдалануға рұқсат талап етілмейді</p>	Ескерілді
8	Экология департаменті:	Ұсынылмаған	
9	Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстары министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті: Ықтимал әсерлер туралы есепте:	1. Қалдықтардың барлық түзілетін түрлерін сұрыптау, залалсыздандыру және кәдеге жарату (утилизация) әдістері 8.4. тарауда сипатталған.	Ескерілді

	<p>1. Қалдықтардың барлық түзілген түрлерін сұрыптау, залалсыздандыру және кәдеге жарату әдістерін сипаттау, сондай-ақ құс саңғырығының түзілу көлемін және қалдықтардың осы түрімен жұмыс істеу және оны кәдеге жарату әдістерінің нұсқаларын көрсету.</p> <p>2. Жасыл желектерді отырғызу бойынша іс-шараларды көздеу</p> <p>3. ҚР Экологиялық Кодексінің 3-қосымшасының талаптарына сәйкес ең озық қолжетімді техникаларды қолдануды қарастыру.</p> <p>4. Кодекстің 4-қосымшасына сәйкес іс-шараларды енгізуді қарастыру.</p>	<p>2. Жасыл алқаптарды отырғызу шаралары қарастырылған (1.8.5 және 7.5-бөлімдер).</p> <p>3. Ең жақсы қолжетімді әдістерді қолдану (1.6) қарастырылған.</p> <p>4. Іс-шараларды іске асыру Кодекстің 4-қосымшасына сәйкес (12-тарау) қарастырылған</p>	
Қоғамдық тыңдау өткізу кезінде келіп түскен ескертулер мен ұсыныстар			
10	<p>Маңғыстау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бастығының орынбасары – Әділбаев Е.:</p> <p>Бұрынғы компресорлық қодырғысы мен жаңадан салынатын қодырғының атмосфералық ауаға ластағыш заттар шығау көлемінің айырмашылығы қандай?</p>	<p>Жобалаушы «Рекорд Консалт» ЖШС өкілі Зейнеләбді Б. Бұрынғы қондырғыға қарағанда екі есеге жақын азаяды.</p>	Ескерілді
11	<p>Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті бас маманы – Тулепова Р.:</p> <p>Жобада қазіргі жасап тұрған қондырғының демонтаж жұмыстары қарастырылған ба?</p>	<p>«ҚазГӨЗ» ЖШС директорының орынбасары Байшуақов Б.А.:</p> <p>Демонтаж жұмыстары алдағы уақытта жоба жасақталып қарастырылады.</p>	Ескерілді
12	<p>Жаңаөзен қалалық қоғам мүшесі – Гулжанова Ү.: жұмысқа сәттілік тіледі</p>		Ескерілді
13	<p>Маңғыстау облысы бойынша экология департаменті бас маманы – Тулепова Р.:</p> <p>Жаңа компрессорлардың іске қосылу уақты?</p>	<p>«ҚазГӨЗ» ЖШС директорының күрделі құрылыс жөніндегі орынбасары Искаков С.Қ.</p> <p>Компрессорлар 10 ай құрысыл уақытынан соң, заңды уақытында іске қосылады.</p>	Ескерілді
14	<p>Онлайн қатысушы сұрағы: Пулатов Н.: Жаңадан алынған қондырғы Қазақстан аумағында қолдануға рұқсаты барма, реестрге енген ба?</p>	<p>«ҚазГӨЗ» ЖШС директорының орынбасары Байшуақов Б.А.:</p> <p>Барлық құрылғылар мен аспаптар Қазақстан реестрына енген.</p>	Ескерілді
15	<p>Онлайн қатысушы сұрағы: Пулатов Н.: Ескі компрессорлар мен жаңа компрессорлардың өнім өндіру</p>	<p>«ҚазГӨЗ» ЖШС директорының орынбасары Байшуақов Б.А.:</p> <p>Көне компрессорлардың өнімділігі жоба бойынша сағатына 5000м<sup>3</sup>, қуаттылығы 1,1 кВт. Ал жаңа компрессорлардың өнімділігі сағатына 7500м<sup>3</sup>, қуаттылығы 1,4МВт.</p>	Ескерілді

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың қаралып отырған құжаттар мен тыңдалған баяндамалардың толықтығы мен түсіну үшін жеңілдігі тұрғысынан алғандағы Сапасы жөніндегі пікірі, оларды жақсарту бойынша ұсынымдары:

**Ескертулер мен ұсыныстар түскен жоқ.**

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына сот тәртібімен шағым жасауға болады.

17. Қоғамдық тыңдаулардың төрағасы:

Жаңаөзен қаласы кәсіпкерлік және

ауыл шаруашылығы бөлімі бас маманы – Совет Н.

қолы,

күні: 01.04.2022ж

18. Қоғамдық тыңдаулардың хатшысы:

Сметалық жобалу бөлімі бастығының орынбасары

Асқанбаева Р.

қолы,

күні 01.04.2022ж